

# Шебер аудармашы

Әдебиеттің басқа өнер салаларынан ерекшелігі онда тіл барьері бар. Музыка, мүсін, сурет туындыларын басқа тілге аудару қажеттілігі жоқ. Тіпті оларда тіл де жоқ. Ал әдебиет қай кезде де аудармаға мұқтаж. Қандай шебер жазылған шығарма болмасын, егер аударма жасалмаса, оның әлем оқырманымен қауышуы мүмкін емес. Әдебиеттегі аударма екі тарап үшін де тиімді. Автор өзі үшін жаңа аудитория тапса, оқырман өздері үшін жаңа әлемді ашды. Осы ретте автор мен оқырманды байланыстырып тұрған аудармашының еңбегі зор. Майра Жансаева да – саналы ғұмырын осы салаға арнаған әдебиет өкілдерінің бірі еді.

Майра Жансаева орыс, татар тілдерінен көптеген қаламгерлердің шығармаларын аударды. “Татар әңгімелері” деген жинақта Ғ.Бәширов, К.Нужми, А.Шамов, М.Әмир, Ғ.Кутуй, И.Ғазии, Ғ.Әпсаласов, Ф.Хәсни, Ғ.Ғалеев, Ә.Еникеев әңгі-

мелері Майра Жансаева аудармасымен жарық көрді. Осынша көп авторды қазақша сөйлетуі Майра Жансаеваның татар тілін жетік білгенін, әрі татар прозасымен жақын таныс болғанын аңғартады. Ғасыр басында Қызылжарда татар мешіті жұмыс істеп, татар жұмысшыларының көп болғанын ескерсек, аудармашы бұл тілді сол кезде үйренуі мүмкін. Осы қалада туып-өскен жазушы Мәжит Дәулетбаев сияқты Майра Жансаева да татар тілін ерте меңгерген деуге негіз бар.

Жоғарыда аталған қаламгерлердің ішінде аудармашы Ғәмәр Бәшировтың “Намыс” романын аударды. Аталған роман өз заманында оқырманның ықыласына бөленіп, кең танылған туындылардың бірі еді. Роман кеңес одағының және әлем елдерінің тілдеріне аударылып жатты. Майра Жансаева туындыны татар тіліндегі екінші өңделген басылымынан тәржімалаған. “Намыс” романы 15 бө-

лімнен тұрады. Мұнда екінші дүниежүзілік соғыс уақытындағы татар колхозындағы еңбек адамдарының өмірі баяндалады. Рухы берік адамдар ертеңге деген сенімін жоғалтпай еңбек етеді. Басқа аудармашылар орыс тілінен тәржімалап жатқан татар әдебиетін Майра Жансаеваның түпнұсқадан аударуы “Намыс” (татарша “Намус”) романының қазақша аудармасының құнын арттырады.

Майра Жансаеваның аударма саласындағы тағы бір жаңалығы – Александр Германовның повестері мен әңгімелерін аударуы. Александр Германов – бар өмірін сыған мәдениетін дамытуға арнаған қаламгер. Ол алғаш болып 1927 жылы сыған алфавитін құрастырып, осы тілде алғаш шығармалар жазған, туындыларының көбін сығандардың өмірін сипаттауға арнаған.

**Назым ӘСКЕР,  
М.Қозыбаев атындағы  
СҚУ-дың студенті.**